

**Н.А. Утемғалиева**

Альпі-Адрия Клагенфурт университеті, Клагенфурт, Аустрия  
e-mail: [nassikhat.utemgaliyeva@gmail.com](mailto:nassikhat.utemgaliyeva@gmail.com)

## АКАДЕМИЯЛЫҚ ТЕРМИНДЕРДІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

Ғылыми техника мен ғаламтор желісінің шарықтап даму сатысында мемлекеттер арасындағы ынтымақтастық әлемдік университеттердің де қарым-қатынасын нығайта түсті. Бір-бірімен келісімшарт жасаған жоғары оқу орындары әрі қарай өзара серіктестікті дамыту мақсатында түрлі жобалар мен бағдарламалар даярлап, білім берушілер мен білім алушылар арасында тәжірибе алмасу басты назарға ауысты. Сондықтан, жемісті нәтижеге қол жеткізу үшін сәтті коммуникация орын алу керек, ал ондай қарым-қатынастың кілті жоғары оқу орындары кеңістігіндегі академиялық терминологияны жақсы меңгеру.

Мақала жоғары оқу орындарының әртүрлі саласында қолданыс табатын академиялық терминдерге арналған. Зерттеудің мақсаты – жоғары оқу орындары кеңістігіндегі академиялық тілдің қолданыс аясын білу, сонымен қатар, академиялық терминдердің лингвомәдени ерекшеліктерін айқындау және академиялық терминдердің лингвомәдени интерпретациясын көрсету. Қойылған мақсат-міндеттерге жету үшін келесі әдістер қолданылды: ғылыми сипаттама әдісі, салыстырмалы әдіс, сауалнамалық сараптама әдісі, сандық талдау әдісі және контент-талдау.

Зерттеудің нәтижелері көрсеткендей академиялық терминдердің мағынасы жоғары оқу орындарында жоғары кәсіби білім алушылар үшін ерекше маңызға ие, себебі академиялық терминдерді қолдану дәстүрі әлемдік жоғары оқу орындарында әртүрлі және академиялық терминдерді бір тілден екінші тілге аудару барысында олардың көп мағыналығы әсерінен түрлі қиындықтар туындап жататындығы айқындалды. Сондықтан академиялық терминдермен жұмыс істеу барысында әр жоғары оқу орнына тән академиялық терминдерді қолданған жөн. Зерттеудің практикалық маңыздылығы терминология, мәдениаралық коммуникация, лексикология, академиялық жазу, аударматану, ағылшын тілінің теориялық грамматикасы пәндері бойынша дәрістерде шетелдік университеттерге академиялық ұтқырлық аясында тәжірибе алмасуға немесе білім алуға баратын білім берушілер мен білім алушыларға анықтағыш ретінде қолданылуымен сипатталады.

**Түйін сөздер:** академиялық терминология, академиялық тіл, жоғары оқу орындары, білім алушылар, лингвомәдени интерпретация.

N.A. Utemgaliyeva

Alpen-Adria University of Klagenfurt, Klagenfurt, Austria  
e-mail: [nassikhat.utemgaliyeva@gmail.com](mailto:nassikhat.utemgaliyeva@gmail.com)

### Linguo-cultural interpretation of academic words

At the peak of development of scientific technology and the Internet, cooperation between countries has strengthened the ties between the world's universities. Higher education institutions that have entered into agreements with each other have prepared various projects and programs for the further development of mutual cooperation, and the main focus is the exchange of experience between teachers and students. Therefore, to achieve a fruitful result, successful communication must take place, and the key to such communication is a good command of academic terminology in the space of higher educational institutions. The article is devoted to academic words (terms) used in higher education institutions. The purpose of the study is to find out the scope of application of academic language in the space of higher educational institutions, as well as to determine the linguocultural features of academic words and show the linguocultural interpretation of academic words. To achieve the set goals and objectives, the following methods were used: scientific descriptive method, comparative method, survey, quantitative analysis method and content analysis.

The results of the study show that the meaning of academic words is of particular importance for students of higher educational institutions, since the tradition of using academic words is different in higher educational institutions of the world, and also in the process of translating academic words from one language to another, various difficulties arise due to their polysemy. Therefore, when working with academic words, it is advisable to use academic words specific to each higher education institution. The

practical significance of the study lies in its use as a reference for teachers and students traveling to foreign universities to exchange experience or study within the framework of academic mobility, at lectures in the disciplines of terminology, intercultural communication, lexicology, academic writing, translation studies, theoretical grammar of the English language.

**Keywords:** academic terminology, academic language, universities, students, linguocultural interpretation.

Н.А. Утемғалиева

Альпийско-Адриатический университет Клагенфурта, Клагенфурт, Австрия  
e-mail: nassikhat.utemgaliyeva@gmail.com

### Лингвокультурная интерпретация академических терминов

На пике развития научных технологий и Интернета сотрудничество между государствами укрепило связи мировых университетов. Высшие учебные заведения, заключившие договоры друг с другом, подготовили различные проекты и программы для дальнейшего развития взаимного сотрудничества, а основным направлением стал обмен опытом между преподавателями и студентами. Поэтому для достижения плодотворного результата должно иметь место успешная коммуникация, а залогом такой коммуникации является хорошее владение академической терминологией в пространстве высших учебных заведений. Статья посвящена академическим терминам, используемым в высших учебных заведениях. Цель исследования – выявить сферу применения академического языка в пространстве высших учебных заведений, а также определить лингвокультурологические особенности академических терминов и показать лингвокультурологическую интерпретацию академических терминов. Для достижения поставленных целей и задач были использованы следующие методы: научно-описательный метод, сравнительный метод, опрос, метод количественного анализа и контент-анализ.

Результаты исследования показывают, что значение академических терминов имеет особое значение для студентов высших учебных заведений, поскольку традиция использования академических терминов различна в высших учебных заведениях мира, а также в процессе перевода академических терминов с одного языка на другой возникают различные трудности из-за их полисемии. Поэтому при работе с академическими терминами целесообразно использовать академические термины, специфичные для каждого высшего учебного заведения. Практическая значимость исследования заключается в его использовании в качестве справочника для преподавателей и студентов, направляющихся в зарубежные вузы для обмена опытом или образования в рамках академической мобильности, на лекциях по дисциплинам терминология, межкультурная коммуникация, лексикология, академическое письмо, переводоведение, теоретическая грамматика английского языка.

**Ключевые слова:** академическая терминология, академический язык, вузы, студенты, лингвокультурологическая интерпретация.

### Кіріспе

Адамзат қоғамындағы дәл қазіргі сәт әрбір қоғам мүшесінің кең ауқымды қамти отырып, ұшы-қиыры жоқ алып әлемнің түкпір-түкпіріне саяхат жасап, терең зерттеулер жүргізіп, бәсекеге қабілетті әлем азаматы ретінде заманауи дағдыларды игеріп, жаһандық білім және ғылым кеңістігіне еш кедергісіз еркін еруге деген күштарлықпен сипатталады. Тұрақты даму әлем картасында көрініс тапқан барлық мемлекеттің негізгі ұстанымы, тенденция, мейнстримге айналғандығына куә болып отырмыз. Аталмыш үдерістен білім беру кеңістігі де қалыс қалған жоқ. Қазіргі таңда кең етек алып отырған әлемдік жоғары оқу орындары арасындағы халықаралық деңгейдегі ынтымақтастық, тәжірибе алмасу, ақпарат алмасу үрдістері де тұрақты дамудың

және жаңа білімге қол жеткізудің, жаңалық ашудың бастапқы қадамдарының бірі. Қазақстан өз алдына тәуелсіз ел болғалы әлемдік білім кеңістігіне ену жолында әртүрлі кезеңдерден өтіп, халықаралық стандартқа сәйкес білім беруді интернационализациялауда бәсекеге қабілетті, жаңа форматтағы маман даярлау бағытында елеуді жұмыс жүргізіп жатқаны белгілі. Қазақстан жоғары оқу орындары да соңғы жылдарда әлемдік рейтингте көш бастап тұрған, ғылым мен білім саласында әйгілі түлектерімен мақтанатын алдыңғы қатарлы университеттермен келісімшарт жасау нәтижесінде бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеуі, оқытушы-профессор құрамының академиялық ұтқырлығын, Қазақстанда шетелдік беделді университеттердің филиалдарын ашу арқылы академиялық артықшылықты қазақстандық жоғары білім беру

жүйесінің дамуының алғы шарттардың бірі ретінде қарастырғаны мәлім. Осыған байланысты әлемдік деңгейде білім беру саласында қарым-қатынас жүргізу жоғары білім берудің академиялық терминжүйесін пайдалана отырып жүзеге асырылады. Бұл терминжүйенің ажырамас бөлігі – академиялық терминология. Әртүрлі тілде сөйлейтін мемлекеттер арасында орнатылған ынтымақтастықтың іргетасын мызғымайтындай берік орнату, екі жаққа да қолайлы әрі пайдалы қарым-қатынасты сәтті оңтайландырудың басты жолы – академиялық терминологияны дұрыс түсіну және оны кәсіби деңгейде меңгеру және жағдаятқа сәйкес тиімді қолдану.

Жаһандану дәуірінде жоғары білім беру жүйесі де тіл секілді өзгерістерге ұшырауда. Аталмыш өзгерістердің негізгі себептерінің бірі – әлемдік білім беру кеңістігінде еркін қарым-қатынас жасауды жақсарту мақсатында жоғары білім беру жүйесін стандарттау мәселесіне арналған қазіргі заманғы үрдістің қалыптасуы. Мұндай үдеріс нәтижесінде жаңа күрделі терминдер мен ұғымдар үздіксіз пайда болып отырады. Сол себепті терминдерді ғылыми тұрғыдан тереңірек зерттеуге деген қызығушылық арта түсуде. Жалпы, бұл құбылыс қоғам дамуының бір бөлігі ретінде қарастырылып, халықаралық және ұлтаралық қатынастың ұлғаюы, «ақпараттық қоғамның» қалыптасуы, сондай-ақ жаңа күрделі ұғымдар мен терминдердің қажеттілігі сынды факторлармен тығыз байланысты.

Қазіргі жағдайда Қазақстан және шетелдік жоғары оқу орындарының ынтымақтастығы академиялық терминологияны кәсіби деңгейде меңгеруді талап етеді. Шет елдердегі білім беру жүйелеріндегі айырмашылықтарға байланысты көптеген терминдерді түсіну және аудару қиын, себебі олардың анықтамасында айырмашылықтар кездеседі (Митчел, Маругина, 2015). Сәйкесінше білім беру саласында терминологиялық корпусының дұрыс қалыптасуына деген қажеттілікті алдыңғы сатыға ығыстырады, яғни жоғары оқу орындарындағы білім беруші мен білім алушы тұлғаларға түсінікті, ортақ, сәтті қарым-қатынасты қамтамасыз ететін тілдесу кеңістігі қалыптасуы қажет.

Терминдер – әлемдегі кез келген тілдің кәсіби деңгейінде қолданылатын маңызды қабаты. Қоғамның даму барысында оны алға жетелейтін күштердің бірі ретінде тіл де әртүрлі кәсіби салалардағы терминдермен толығып отырады. Бүгінде жаһандану үрдісі тек ақпа-

раттық технологиялармен шектелмей, білім саласында да бірыңғай кеңістіктің қалыптасуына ықпал етуде.

Академиялық терминология институттар мен университеттердегі басқару және ұйымдастыру үдерісінде (бакалавриат, магистратура, докторантура, постдокторантура деңгейлерін қамти отырып) маңызды прагматикалық, лингвистикалық және функционалдық қабат қалыптастырады. Академиялық мектептерде қолданылатын терминдерді нормаландыру және стандарттау – академиялық терминологияны дамытудағы өзекті міндеттердің бірі (Утемғалиева және т.б., 2019).

Зерттеудің мақсаты – жоғары оқу орындары кеңістігіндегі (Альпі-Адрия Клагенфурт университеті негізінде, Аустрия, Клагенфурт қаласы) академиялық тілдің қолданыс аясын білу.

Қойылған мақсатқа байланысты зерттеудің келесі міндеттерін бөліп көрсетуге болады:

- академиялық терминдердің лингвомәдени ерекшеліктерін айқындау;
- академиялық терминдердің лингвомәдени интерпретациясын көрсету.

### Материал мен әдістер

Зерттеудің материалдық негізін отандық ғалымдардың терминология саласында жарық көрген еңбектері, сонымен қатар 2024 жылдың 1-31 шілде аралығында Эрнст Мах Грант (Ernst Mach Grant) бағдарламасы аясында Аустрия мемлекеті, Клагенфурт қаласында орналасқан Альпі-Адрия Клагенфурт университеті кітапханасында жинақталған еуропалық ғалымдардың ғылыми еңбектері мен мақалалары құрайды. Олар жалпы терминология саласының алғаш ғылым ретінде пайда болу тарихынан бастап, даму үдерісі, жалпы ғылымда алатын орны, салалары, маңызы, өзектілігі және қазіргі уақыттағы терминология саласындағы өзекті тақырыптар, терминологияға тән қасиеттер, негізгі сипаттары жайлы терең ғылыми білім алуға септігін тигізді. Сонымен қатар, жалпы термин дегеніміз не, терминнің белгілері, ерекшеліктері, негізгі қасиеттері, қолданысы, түрлі сипаты, термин мен жалпы сөздің айырмашылығын анықтауда прагматикалық факторлар маңызды рөл атқарады. Бұл мақалада негізгі материал ретінде Альпі-Адрия Клагенфурт университетінің ғылыми дерекқоры пайдаланылды.

Зерттеудің әдіснамалық негізі бірнеше

әдістерді қамтиды: ғылыми сипаттама әдісі, салыстырмалы талдау әдісі, сауалнама негізіндегі сараптамалық әдіс, сандық талдау және контент-талдау әдістері. Академиялық тілдің қолданыс аясын білу мақсатында Альпі-Адрия Клагенфурт университетінің студенттеріне сауалнама жүргіздік. Сауалнама шетелдік білім алушылар арасында жүргізілгендіктен, сұрақтар респонденттерге түсінікті болу үшін сауалнамада ағылшын және неміс тілдері қолданылды. Сауалнамаға қатысқан респонденттердің жалпы саны – 70. Олардың жас ерекшеліктері 22-70 жас аралығы. Барлық респонденттер Альпі-Адрия Клагенфурт университетінде бакалавриат, магистратура және докторантура бағдарламасы бойынша білім алушылар және 37 студент, 29 магистрант, 4 докторант болды. Олардың ішінде 32 респондент ер адамдар болса, 38 респондент әйел адамды құрады. Респонденттер экономика және бизнес (Business and Economics), ағылшын тілі (Department of English), гуманитарлық және педагогикалық ғылымдар (Kultur und Bildungswissenschaften) кафедралары даярлайтын келесі мамандықтар, яғни халықаралық менеджмент (International Management), тарих және ағылшын тілін оқыту (Teaching English and History), ағылшын тілі және география (English and Geography), білім беру саласы (Education), ағылшын тілі және әдеп (English and Ethics), американистика және англистика (American and English Studies), Ағылшын тілі (English), ағылшын және испан тілдерін оқыту (Teaching English and Spanish), романистика (Romanistik), англистика (Anglistik), американистика (Amerikanistik), славистика (Slawistik), орыс тілі (Russisch), итальян тілі (Italienisch) бойынша білім алуда. Жүргізілген сауалнама жалпы 15 сұрақтан тұрды және сұрақтар мынадай болды:

1. Академиялық терминология дегеніміз не?
2. Академиялық тіл дегеніміз не?
3. Сіздің ойыңызша академиялық терминология мен академиялық тіл арасында айырмашылық бар ма?
4. Сіз академиялық терминдерді қайда қолданасыз?
5. Сіз жиі қолданатын академиялық терминдер (academic words) тізбегін көрсете аласыз ба?
6. Сіз сирек қолданатын академиялық сөздер тізбегін көрсете аласыз ба?
7. Сіз университет оқытушыларына жүзінген кезде қандай да бір титулды қолданасыз ба?

8. Сіз университет оқытушыларымен сұхбаттасу барысында арнайы академиялық сөздерді қолданасыз ба?

9. Сіз университет студенттеріне байланысты сұхбаттасу барысында қандай лауазымдарды қолданасыз?

10. Сіз университет студенттерімен сұхбаттасу барысында арнайы академиялық сөздерді қолданасыз ба?

11. Сіз қолдануға қорқатын қандайда бір академиялық сөздер бар ма? Егер бар болса, неге?

12. Сіз түсінбейтін қандай да бір академиялық сөздер бар ма?

13. Сіз өзгерткіңіз немесе алмастырғыңыз келетін академиялық терминдер бар ма? Мысалы, office hour деген терминнің орнына student hour деген терминді қолданғыңыз келе ме? Егер жауабыңыз иә болса, неліктен?

14. Сіздің ойыңызша академиялық терминология сіздің оқу барысындағы жетістіктеріңізге әсер ете ме?

15. Қандай академиялық сөздерді «проблема тудыратын сөздер» деп атауға болады? Аталмыш сөздерді тізбектей аласыз ба? Оларды «проблема тудыратын сөздер» деп атаудың себебі неде?

Сауалнама нәтижесінде, респонденттердің берген жауаптарына жасалған контент-талдау шетелдік білім алушылардың академиялық термин мен академиялық тілді қалай түсінетіндерін, сондай-ақ, академиялық термин мен академиялық тілдің арасындағы айырмашылықтарды бағалау критерийлерін нақтылауға, жоғары оқу орны қабырғасында қолданыс табатын академиялық терминдердің қолдану жиілігін айқындауға, соңғы кездері зерттеу жүргізіліп отырған орта өмір сүруші қоғам «сезімтал» болып кеткендігін анықтауға мүмкіндік берді.

### Әдебиеттерге шолу

Тіл мәдениеттің бір бөлігі ретінде тек жай сөздер мен сөйлемдерден ғана тұрмайды. Тілдің ең маңызды негіздерінің бірі арнайы лексика, яғни ол терминдер. Терминдер қызмет пен білімнің белгілі бір саласын бейнелейді және сипаттайды. Арнайы лексика тіл дамуы мен ұлт мәдениетінің тарихы арасындағы байланысты бақылауға септігін тигізеді.

Түрлі тектес сөздер, терминдер, ұғымдар тілдік әлемнің ажырамас бөлігі және олар көбінесе



өзге тілдерден өз тілімізге енді немесе қандай да бір тілдің даму барысында пайда болды. Әсіресе аталмыш үрдіс ғылым саласының, сонымен қатар уақытпен жарыса жүріп отырған технологиялардың дамуына тән. Алайда қазіргі таңда белгілі бір қызмет саласына қатысты терминдердің жалпы қолданыстағы лексикаға да еніп және тұтас тілге едәуір әсер етіп жатқандығын байқауға болады. Жоғары оқу орындары терминологиясы, яғни академиялық терминология дәл осы тіл сияқты уақытпен бірге түрлі өзгерістерге ұшырайды. Академиялық терминология жалпы терминологияның бір саласы.

Қазақ тілі білімі ғылымында терминология саласының пайда болуы, зерттелуі және дамуы А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанұлы, Ә. Қайдар, Ө. Айтбай, Ш. Құрманбайұлы және т.б. ғалымдардың есімдерімен тығыз байланысты. Әлемдік лингвистикада келесі ғалымдардың легін атап айтуға болады: Е. *Wüster*, Д.С. Лотте, J.L. Austin, P. Auger, L.J. Rousseau, R. Boutin-Quesnel, A. Clas, S.E. Wright, G. Budin, H. Felber, H. Picht, J. Draskau, G. Rondeau, J.C. Sager, A. Rey, J. Pearson, H. Somers, M.T. Cabre, D. Gouadec, G. Ciobanu, R. Dubuc, D. Sageder, А.А. Реформатский, В.М. Лейчик, О.С. Ахманова, Б.Н. Головин, Т.Л. Канделаки, Р.Ю. Кобрин, А.В. Суперанская, Н.В. Подольская, Н.В. Васильева, Р.А. Будагов, С.В. Гринев, Я.А. Климовицкий, С.В. Гринев-Гриневич, Э.А. Натансон, В.П. Даниленко, С.Н. Виноградов, С.Д. Шелов, және т.б. Мақаланы жазу барысында терминолог ғалымдардың «терминология» ұғымына берген анықтамаларын жинастырдық, олар келесідей: «Терминология – ... тілдің арнайы лексикасының даму заңдылықтарын тексеретін ғылым, сонымен бірге ол ғылым мен техниканың жеке салалары терминдерінің жиынтығы» (Айтбаев, 1988); «Терминология – саналы реттеу мен бірыңғайлауға ең қолайлы лексиканың ерекше бөлімін құрайтын өндірістің, қызметтің, білімнің белгілі бір саласының терминдерінің жиынтығы» (Реформатский, 2000); «Терминология – саналы реттеу мен бірыңғайлауға өте икемді лексиканың ерекше бөлімін құрайтын өндірістің, қызметтің, білімнің белгілі бір саласы терминдерінің жиынтығы» (Ахманова, 2004); «Терминология – арнайы мақсаттарға арналған тілдің деректерімен қызмет көрсетілетін білім және (немесе) қызмет саласының жалпы ұғымдарын білдіре отырып, арнайы мақсаттарға арналған тілдердің бірінде бірге қызмет атқаратын

ресми құрылымның мағыналық бірлігі мен ұқсастығына (жақындығына) ие стихиялық түрде қалыптасқан лексикалық бірліктердің жиынтығын қамтитын парадигмалық түрдегі тілдік құрылым» (Лейчик, 2009); «Терминология – тар мағынасында ұғымдардың тиісті жиынтығын көрсететін білімнің (бір ғылымның немесе ғылыми бағыттың) бір саласының терминдерінің жиынтығы. Кең мағынасында қызметтің барлық салалары терминдерінің жалпы жиынтығы» (Даниленко, 1977); «Терминология – 1) жалпы термин-сөздердің біршама белгісіз жиыны немесе жиынтығы; 2) белгілі бір білім (медициналық терминология, географиялық терминология) саласы терминдерінің (ұғымдарының және атауларының) жиынтығы; 3) жалпы терминдердің жасалуы, құрамы және қолданысы туралы ілім; 4) белгілі бір тілде қолданылатын, білімнің белгілі бір саласы терминдерінің және олардың басқа тілдердегі баламаларының жасалуы, құрамы және қолданысы туралы ілім; 5) жалпы терминологиялық ілім» (Суперанская, т.б., 2012); «Терминология – қызметтің (білім, техника, басқарма, мәдениет саласының) кәсіби шеңберімен сәйкестендірілген, бір-бірімен ұғымдық, лексика-семантикалық, сөзжасамдық және грамматикалық деңгейлерде байланысқан терминдердің жиынтығы» (Головин, т.б., 1987); «Терминология – қызметтің ұғымдар жүйесіне изоморфты және оның қатысымдық (коммуникативтік) қажеттіліктеріне қызмет етуші, қызметтің кейбір саласының арнайы аталымы (номинация) бірліктерінің жиынтығы» (Авербух, 2006); «Терминология – терминдерді, яғни бір немесе бірнеше тілдердің арнайы қолданылу саласына жататын лексикалық бірліктерді жинау, сипаттау, өңдеу және ұсынумен байланысты ғылым және қызмет саласы» (Sager, 1990); «Терминология – келесі мағыналарға ие: 1) терминдерді зерттеу кезінде негізге алынатын қағидаттар мен тұжырымдамалар; 2) терминологиялық жұмыстарда, соның ішінде терминографияда қолданылатын әдістер мен қағидалар; 2) белгілі бір мамандыққа немесе пәнге қатысты терминдер жиынтығы» (Cabre, 1999); «Терминология – қызметтің кәсіби аясымен (білім, техника, басқару, мәдениет саласымен) сәйкестелген, бір бірімен ұғымдық, лексика-семантикалық, сөзжасамдық және грамматикалық деңгейлерде байланысқан терминдердің жиынтығы» (Журавлева, 1995). Жоғарыда келтірілген анықтамалар (дефинициялар) негізінде терминологияның кең

көлемді, маңызды және қарқынды дамып жатқан лексикалық қабат екеніне көз жеткізуге болады. Терминологияның негізгі құрамдас бөлігі әрі зерттеу объектісі – термин.

«Термин – ... белгілі бір ғылым мен техника саласында қолданылатын арнайы лексика» (Айтбаев, 1988:12); «Терминтану тұрғысынан – терминологиялық жүйенің негізгі элементі»; «Арнаулы мақсаттар тілі теориясы бойынша – белгілі бір кәсіби немесе ғылыми саладағы жалпы, нақты немесе абстрактілі ұғымдарды білдіретін арнайы мақсаттағы тілдің лексикалық бірлігі» (Құрманбайұлы, 2006); «Термин – өздерінің ерекше міндетімен шектелетін арнайы сөздер; заттардың атауы мен ұғымының нақты көрінісі ретінде бірмағыналы болуға тырысатын сөздер. Бұл ғылымда, техникада, саясатта және дипломатияда қажет» (Реформатский, 2000:115); «Термин – арнайы ұғымның атауы болып табылатын, анықтама (дефиниция) талап ететін қолданыс аясындағы арнайы сөз (немесе сөз тіркесі)» (Даниленко, 1977:15); «Термин – арнайы ұғымдарды нақты білдіру және арнайы заттарды белгілеу үшін жасалатын (қабылданатын, кіретін және т.б.) арнайы (ғылым, техника және т.б.) тілдік сөз немесе сөз тіркесі» (Ахманова, 2004:474); «Термин – білімнің немесе қызметтің белгілі бір арнайы саласы теориясының жалпы – нақты немесе абстракт – ұғымын білдіретін арнайы мақсаттарға арналған белгілі бір тілдің лексикалық бірлігі» (Лейчик, 2009:31); «Термин – кәсіби қызметте қабылданған және ерекше жағдайларда қолданылатын арнайы сөз (немесе сөз тіркесі). Термин – кәсіби білім саласының белгілі бір ұғымдарының жүйесіне енетін ұғымды сөздік білдіру. Термин – арнайы мақсаттарға арналған тілдің негізгі ұғымдық элементі. Өзінің терминологиялық өрісі ішінде термин бірмағыналы. Түрлі өрістердің бірдей дыбысталатын терминдері – омонимдер. Өзінің дұрыс түсінілуі үшін термин арнайы дефиниция (нақты ғылыми анықтама) талап етеді» (Суперанская, т.б., 2012:14); «Термин – ғылыми және кәсіби-техникалық нысандарды және олардың арасындағы қарым-қатынасты тану және игеру үдерісінде қолданылатын және кәсіби ұғымды қалыптастыратын және білдіретін арнайы мағынаға ие сөз немесе бағыныңқы сөз тіркесі» (Головин, т.б., 1987:5); «Термин – дәлме-дәл анықталған мағынасы бар сөз. Терминде бір ғана мағына болады. Термин бірмағыналылыққа (моносемияға) ұмтылады» (Будагов, 2003);

«Термин – қызметтің белгілі бір саласының арнайы ұғымын білдіретін, бейгілдік таңбаның немесе нық жаңғыртылатын синтагманың барлық нұсқаларының жиынтығын қамтитын, терминология (терминжүйе) элементі» (Авербух, 2006); «Термин – арнайы ұғымдарды нақты атау үшін қабылданатын арнайы тілдің атаулы арнайы лексикалық бірлігі (сөз немесе сөз тіркесі)» (Гринева, 1993); «Термин – сала ішіндегі ұғымды білдіретін бір немесе бірнеше сөзден құралған лексикалық бірлік» (Besse et al., 1997); «Термин – бір немесе бірнеше ұғымдарға берілген іргелес ұғымдар арқылы анықталатын лингвистикалық символ. Ол сөз немесе сөздер тобы болуы мүмкін. Сонымен қатар, әріп, графикалық символ, аббревиатура, акроним, жазба шартты белгілер және т.б. болуы мүмкін» (Felber, 1984); «Термин – ғылыми және кәсіптік-техникалық нысандарды және олардың арасындағы қарым-қатынасты тану және меңгеру үдерісінде қолданылатын, кәсіби ұғымды білдіретін және қалыптастыратын, арнайы мағынаға ие сөз немесе бағыныңқы сөз тіркесі» (Журавлева, 1995:4). Яғни термин білім саласының немесе арнайы қызмет ортасында белгілі бір ұғымды білдіретін сөз немесе сөз тіркесі.

Академиялық терминге келетін болсақ, «Тілдегі «термин» және «академиялық термин» ұғымы» атты мақалада жалпы терминдердің негізгі үш түрге бөлінетіні туралы жазылады. Олар: ғылымаралық, жалпы ғылыми және тар салалық. Жүйеаралық, яғни ғылымаралық терминдер – белгілі бір ғылым саласына тән элементтер (мысалы, техника, геодезия, биология және басқа да салаларға қатысты терминдер) болуымен қатар, нақты бір ұғымды білдіре отырып, әртүрлі ғылыми бағыттарда қолданылатын терминологиялық бірліктер болып табылады. Егер ғылымаралық терминдер белгілі бір ғылыми қызметтің тек бір саласына ғана қатысты болса, ал жалпы ғылыми және жалпы техникалық терминдер ғылымның барлық салаларында (жүйе, құрылым және т.б.) кеңінен қолданылады. Терминнің қайда қолданылатынына, яғни қолданыс аясына байланысты жалпы ғылыми терминдер түрлі нақтылыққа ие болуы мүмкін. Тар салалық терминдер тек белгілі бір ғылыми саланың немесе оның белгілі бір бағытының шеңберінде ғана қолданылады. Ал академиялық терминдер жалпы ғылыми немесе ғылымаралық терминологияға жатады, себебі олар жоғары кәсіби білім беру саласында және жоғары оқу орындарында кеңінен қолданылады.

Әлем бойынша жоғары білім беру жүйесі бір-бірінен едәуір айырмашылықтар арқылы ерекшеленеді, сондықтан академиялық терминдерді белгілеуде белгілі бір айырмашылықтар байқалады. Бұл айырмашылықтар негізінен академиялық терминдердің қолданылу дәстүріне байланысты. Сонымен қатар, академиялық кеңістікке қатысты терминдер басқа ғылыми салаларда да кездесуі мүмкін, өйткені олар көп мағыналы болып келеді. Осыған байланысты олардың аудармасы барысында немесе мәтіндерді түсіну кезінде кедергілер болуы мүмкін. Сондықтан қандай да бір академиялық терминдерді аудару кезінде шетелдік және отандық жоғары оқу орындарында түсінікті болатын ұғымдарды пайдаланған жөн (Томашевич и др., 2020). Осы орайда академиялық терминология шетелдік білім алушылардың түсінігінде қандай, оның лингвомәдени интерпретациясын анықтау мақсатында зерттеу жүргізілген болатын және зерттеудің нәтижелері төмендегідей.

### Нәтижелер мен талқылау

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 80% ағылшын тілінде, 20% неміс тілінде жауап берген. Бірінші сұраққа былай деп жауап берген.

#### 1. Академиялық терминология дегеніміз не?

Академиялық терминология – белгілі бір тұлға, профессор / оқытушы, дәріскер жоғары оқу / жұмыс орнында өзінің білім деңгейін көрсету ғана емес, сонымен қатар академиялық мазмұндағы аспектілерді толыққанды жеткізе алу үшін қолданатын кәсіби тіл, жоғары стандартты лексика және терминдер жиынтығы. Академиялық мәтіндерді, мысалы, эсселер мен мақалаларды жазу барысында қолданыс табатын сөздер мен сөз тіркестері және академиялық мәтіндерді жазуда қолданылатын арнайы лексика, сөйлем құрылымдары, сондай-ақ, құрамында сленг сөздердің болмауы; арнайы сөздердің жиынтығы және олардың академиялық ортаға сәйкес мағыналары мен олардың зерттелуі. Кәсіби және академиялық ортада қолданылатын арнайы салаға сай терминология; академиялық жазуда қолданыс табатын, көбінесе жоғары кәсіби деңгейге (мысалы: C1) арналған ресми сөздер. Академиялық дискурста қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері, академиялық терминдер мен анықта-

малар; академиялық ортадағы C1 немесе жоғары деңгейдегі арнайы терминдерді немесе сөздерді академиялық жазуда қолдану. Кәсібилік сезімін тудыру үшін академиялық жазуда қолданылатын сөйлеу тіліндегі сөздердің синонимдері мен ресми сөйлемдер. Белгілі бір құбылыстарды сипаттау үшін қолданылатын терминдер; академиялық терминология көбінесе академиялық ортамен шектеледі және ол күнделікті ауызекі тілден күрделі әрі академиялық ортадан тыс жерлерде өте сирек қолданыс табуымен ерекшеленеді; күнделікті ауызекі тілде қолданыс таппайтын лексика, сонымен қатар арнайы тақырыптар аясындағы арнайы терминология.

Осы орайда терминолог ғалым М.Т. Кабре ұсынған жай сөз бен термин арасындағы айырмашылықтарды анықтайтын кестесі (1 сурет) бойынша талдау жүргізіп көрейік.

Респонденттердің жауаптары бойынша академиялық терминологияның негізгі мақсаты референтті, яғни академиялық мазмұндағы аспектілерді толыққанды жеткізу мақсатында қолданылады. Академиялық терминдер арнайы пәндерде қолданыс табады, яғни респонденттер эссе, мақала, академиялық мәтіндер жазуда, жалпы академиялық жазуда қолданылатынын айтады. Академиялық терминдердің қолданылушыларын респонденттер айқын көрсетеді, яғни профессор-оқытушылар құрамы, білім алушылар. Коммуникативтік жағдаят құрылымдалған, яғни респонденттер жауаптарында академиялық терминдерді тек университет қабырғасында, жоғары оқу орнына келген кезде білім алушылар мен білім берушілер арасында нақты бір тақырып бойынша сұхбат жүргізген кезде қолданатындарын айтып өткен. Сонымен қатар, университеттен тыс жерде білім алушылар академиялық терминдерді қолданбайтынын да көрсеткен. Дискурс жайында, яғни *академиялық дискурста қолданылатын сөздер мен сөз тіркестері, академиялық терминдер мен анықтамалар* деген жауапты жазған. Бірінші сұрақ бойынша қорытындылайтын болсақ, респонденттер академиялық терминологияны жалпы дұрыс түсінетіндіктерін байқауға болады, өйткені терминолог М.Т. Кабренің кестесі бойынша барлық аспект, яғни негізгі мақсат, пәндер, қолданушылар, коммуникативтік жағдаят, дискурс нақты әрі дұрыс қамтылған.

ЖАЙ СӨЗ (GENERAL LANGUAGE LEXICON)	ТЕРМИН СӨЗ (TERMINOLOGY)
<div data-bbox="352 360 764 427">НЕГІЗГІ МАҚСАТ (BASIC PURPOSE)</div> <p data-bbox="405 423 711 495">перформативті (performative), экспрессивті (expressive), коммуникативті (communicative)</p> <div data-bbox="352 506 764 562">ПӘНДЕР (SUBJECTS)</div> <p data-bbox="485 562 632 589">жалпы (generic)</p> <div data-bbox="352 600 764 656">ҚОЛДАНУШЫЛАР (USERS)</div> <p data-bbox="485 656 632 683">жалпы (general)</p> <div data-bbox="352 689 764 768">КОММУНИКАТИВТІК ЖАҒДАЯТ (COMMUNICATIVE SITUATION)</div> <p data-bbox="405 786 711 813">– құрылымдалған (– structured)</p> <div data-bbox="352 813 764 857">ДИСКУРС (DISCOURSE)</div> <p data-bbox="517 875 600 920">жалпы (general)</p>	<div data-bbox="879 360 1262 427">НЕГІЗГІ МАҚСАТ (BASIC PURPOSE)</div> <p data-bbox="959 445 1182 472">референттік (referential)</p> <div data-bbox="879 483 1262 539">ПӘНДЕР (SUBJECTS)</div> <p data-bbox="991 562 1150 589">арнайы (specific)</p> <div data-bbox="879 600 1262 656">ҚОЛДАНУШЫЛАР (USERS)</div> <p data-bbox="967 645 1174 672">мамандар (specialists)</p> <div data-bbox="879 689 1262 745">КОММУНИКАТИВТІК ЖАҒДАЯТ (COMMUNICATIVE SITUATION)</div> <p data-bbox="919 757 1222 784">+ құрылымдалған (+ structured)</p> <div data-bbox="879 790 1262 835">ДИСКУРС (DISCOURSE)</div> <p data-bbox="951 846 1190 891">кәсіби және ғылыми (professional and scientific)</p>

**1-сурет** – Жай сөз бен термин сөз арасындағы айырмашылықты көрсететін прагматикалық факторлар

Ескерту: Әдебиет негізінде құрылған (Cabre, 1999:113)

## 2. Академиялық тіл дегеніміз не?

Сауалнаманың екінші сұрағына респонденттердің берген жауаптары келесідей: академиялық тіл академиялық терминология шеңберін қамти отырып, негізінен тұлғаның немесе оқу орнының белгілі бір білім беру орнында қолданылатын ауызша немесе жазбаша сөйлемдердің жоғары деңгейі. Академиялық тіл өте ғылыми болып көрінеді, түсінуге оңай болу керек, бірақ көбінесе олай емес. Академиялық тіл сөйлеу барысына қарағанда, жазу барысында баса назар аударуды қажет ететін дүние. Академиялық тіл ағылшын тілінің жоғары деңгейі және ол ауызекі сөйлеу тілінде қолданыс таппайды. Академиялық тіл – ресми тіл, жоғары кәсіби деңгей. Академиялық тіл дегеніміз – эссе, мақалаларда қолданылатын тіл; кәсіби жазу және академиялық жазуда қолданылатын тіл. Академиялық тіл – ресми, ол ғылыми салаларда қолданыс табады, әсіресе ағылшын тілінде жазуда өте маңызды. Академиялық тіл – B2+ деңгейінде тілдесу; өте ресми тіл; күнделікті әңгімелесу үдерісінде қолданылмайды. Академиялық тіл – түрлі академиялық орталар (университет, мектеп және т.б.) арқылы меңгерілетін тіл; академиялық ортада қолданылатын тіл; сөйлесу тілінен жоғары тіл деңгейі; достар

немесе отбасы мүшелері арасында немесе күнделікті өмірде қолданыс таппайтын тіл; жоғары деңгейдегі лексика; академиялық терминологияны қолданатын және академиялық мәселелерді нақты талдауды мақсат ететін тіл. Яғни шетелдік білім алушылар үшін академиялық тіл – ресми тіл, ол академиялық жазуда қолданылады, көбінесе кәсібилікті (professionalism) көрсетеді, күнделікті ауызекі сөйлеу үдерісінен тыс тіл.

## 3. Сіздің ойыңызша академиялық терминология мен академиялық тіл арасында айырмашылық бар ма?

Сауалнаманың үшінші сұрағына респонденттердің 58% айырмашылық бар деп жауап берсе, 42% айырмашылық жоқ деп жауап берген. Академиялық терминология мен академиялық тіл арасындағы айырмашылықты былайша көрсеткен: академиялық тіл академиялық терминологияны қамтиды және оның аясы кең. Академиялық терминология нақты әрі дәл ғылыми атауларды білдіреді. Терминология барлық назарын сөздерге аударса, тіл тұтас дүние. Терминология тек сөздер мен сөз тіркестерін еске салады, ал тіл барлық грамматикалық ерекшеліктерді де қамтиды. Академиялық тілді дұрыс қолдану үшін академиялық терминология




қажет. Яғни респонденттердің басым көпшілігі академиялық терминология мен академиялық тіл арасында айырмашылық бар деп атап өткен.

4. Сіз академиялық терминдерді қайда қолданасыз?


Сауалнаманың төртінші сұрағына респонденттер барлық университет аспектілерінде, яғни емтихан, жоба, тапсырма, презентация; зерттеу жұмыстары, эссе, ескертпе, тапсырма, мақала, диплом жұмысы, жазба, ауызша сабақтар, электрон хат, талқылау, оқулық, докторлық диссертация, жұптық жұмыста қолданатындарын айтқан. Респонденттердің жауаптары негізінде академиялық терминдердің қолданыс аясы жоғары оқу орны, яғни жоғары білім беру кеңістігі. Респонденттердің жауаптары негізінде академиялық терминдер қолданыс табатын кеңістік жиілігінің пайыздық көрсеткішпен төменде (2 сурет) көрініс тапқан.

5. Сіз жиі қолданатын академиялық терминдер (*academic words*) тізбегін көрсете аласыз ба?

Сауалнаманың бесінші сұрағына респонденттер бірнеше академиялық терминдер тізбегін көрсеткен, яғни *jargon, otherwise, nevertheless, however, on the one hand, on the other hand, furthermore, in spite of, additionally, extensive, in conclusion, therefore, whereas, to acquire, whereas, aim, moreover, however, enormous, various, crucial, aspect, factor, benefit, claim, in comparison, establish, analysis, specific, for instance, substantial, receive, obtain, significant, such as, perceive, commit, emerge, professor, thus, considerable, prominent, accurate, analyze, empirically, notion, evidently, approach, conclude, encompass, confine, perhaps, approximately, as a result, probably, in conclusion*. Алайда бір қызығы респонденттердің 85% байланыстырушы сөздерді (linking words) көрсеткен. Бұл құбылыс тілдің мәдени ерекшелігі. Төменде академиялық кеңістікте ең жиі қолданыс табатын академиялық терминдердің қолданылу жиілігінің (3 сурет) пайыздық көрсеткіші бейнеленген.



2-сурет – Академиялық терминдер қолданыс табатын кеңістік жиілігінің пайыздық көрсеткіші



3-сурет – Академиялық терминдердің қолданылу жиілігінің пайыздық көрсеткіші

6. Сіз сирек қолданатын академиялық сөздер тізбегін көрсете аласыз ба?

Сауалнаманың алтыншы сұрағы бойынша респонденттер келесі жауаптарды көрсеткен: *appall, emphasize, require, significant, contemporary, capable, controversy, variables, derived, assessment, providing, especially, acknowledge, coherent, diverse, facilitate, justify, subsequent, facilitate, labor, randomly, presumably, analytically, conceptualizing, personal pronouns, words to express personal opinion.*

7. Сіз университет оқытушыларына жүзінген кезде қандай да бір титулды қолданасыз ба?

Сауалнаманың жетінші сұрағы бойынша респонденттер жауаптарын ағылшын және неміс тілдері бойынша екіге бөліп берген, сондай-ақ екі тілге байланысты ерекшеліктерді де атап өткен, яғни ағылшын тілінде: *Dear Professor...*; неміс тілінде: *Sehr geehrter/Sehr geehrte...* және академиялық дәрежесі қоса айтылады. Академиялық дәреже неміс тілінде сөйлегенде қосылады, ал ағылшын тілінде әдетте академиялық дәрежесі қосылып айтылмайды. *Prof., Ms., Mr.; Dear Mr., Mrs., Ms.;* кейде есімімен (first name); *Professor; Miss, Dr., Mag., Sir, Madam, Univ.-Prof.* тек жазбаша түрде; *Professor* ауызша. Төмендегі суреттен (4 сурет) Альпі-Адрия Клагенфурт университетінде оқытушыларға байланысты

қолданылатын академиялық терминдердің (титул) қолданылу жиілігін көре аласыздар.

8. Сіз университет оқытушыларымен сұхбаттасу барысында арнайы академиялық сөздерді қолданасыз ба?

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 75% қолданбаймын деп жауап берген, алайда 25% келесі сөздерді қолданамын деп көрсеткен: *various, prominent, for instance, significant, data, research, aspect, factual, perhaps, conclusively, claim, approximately, therefore, as a result, probably.*

9. Сіз университет студенттеріне байланысты сұхбаттасу барысында қандай лауазымдарды қолданасыз?

Сауалнамаға қатысушылардың 85% есімін (first name) қолданамын деп жауап берген, 15% респонденттердің берген жауаптары келесідей: *colleagues, Ms., Mr.*

10. Сіз университет студенттерімен сұхбаттасу барысында арнайы академиялық сөздерді қолданасыз ба?

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 100% студенттермен бейресми (informal) түрде тілдесетінін жазып көрсеткен.

11. Сіз қолдануға қорқатын қандайда бір академиялық сөздер бар ма? Егер бар болса, неге?



**4-сурет** – Оқытушыларға байланысты қолданылатын академиялық терминдердің (титул) қолданылу жиілігінің пайыздық көрсеткіші

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 10% қорқатын академиялық сөз жоқ деп жауап берсе, 45% көп сөздердің мағынасын нақты білмегендіктен оларды бұрыс мәнмәтінде қолданамын ба деп қобалжу пайда болатындығын айтса, 30% сөздердің дыбысталуы дұрыс болмай қала ма деп қолданудан қорқатындығын жазады.

*12. Сіз түсінбейтін қандай да бір академиялық сөздер бар ма?*

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 5% түсінбейтін академиялық сөздер жоқ деп жауап берсе, 45% иә бар немесе кейбір академиялық сөздерді түсінбеймін деп жауап берген, 50% нақты мына сөздерді көрсеткен: *rigidity, equanimity, gratuitous, nebulous, distort, albeit, analogies, advocacy*.

*13. Сіз өзгерткіңіз немесе алмастырғыңыз келетін академиялық терминдер бар ма? Мысалы, office hour деген терминнің орнына student hour деген терминді қолданғыңыз келе ме? Егер жауабыңыз иә болса, неліктен?*

Сауалнамаға қатысқан респонденттер 100% ешқандай академиялық терминді өзгерткісі келмейтінін, қазіргі уақытта академиялық тілде бар барлық академиялық терминдерді қиындығына қарамастан күш салып үйреніп, оны академиялық ортада дұрыс мағынасында қолданғысы келетіндігін жазған. Сонымен қатар, респонденттерге әрбір академиялық терминнің мағынасы және оны нақты білу өте маңызды.

*14. Сіздің ойыңызша академиялық терминология сіздің оқу барысындағы жетістіктеріңізге әсер ете ме?*

Сауалнамаға қатысқан респонденттердің 18% жоқ, ешқандай әсері жоқ деп жауап берсе, 82% иә, әсер етеді деп жауап берген. Яғни академиялық терминология арқылы күрделі пәндерді терең түсінуге және тиімді қарым-қатынас жүргізуге, білімінді тереңдетуге және ағылшын тілі деңгейін жақсартуға, өз ойынды нақты әрі дәл жеткізе алуға мүмкіндік береді дейді. Академиялық терминологияны дұрыс әрі жиі қолдану ағылшын тілін жоғары деңгейде меңгергендіктің және құзыреттілігі жоғары өз салаңыздың нағыз шебері екендіктің белгісі. Академиялық терминология құзыреттілікті нығайта отырып, қабылдау және өндіру дағдыларына оң әсерін тигізеді. Мақалалардың сапасын арттырады, тіл деңгейін көтеруде оң қадам жасауға көмектеседі және өз ойынды білдіргенде басқаша ойлай бастайсың. Академиялық терминология қай кезде керек немесе қай кезде керек емес екендігін айыра бастайсың және керек кезде қолданасың. Сондай-ақ, сөздік қорымды кеңейтуге көмектеседі деген жауаптар алынды.

*15. Қандай академиялық сөздерді «проблема тудыратын сөздер» деп атауға болады? Аталмыш сөздерді тізбектей аласыз ба? Оларды «проблема тудыратын сөздер» деп атаудың себебі неде?*

Қазіргі таңда біз өмір сүріп жатқан сезімтал қоғамда көптеген сөздер проблема тудырады, бұл, менің ойымша, қайта-қайта бетпе-бет келіп отырған бұқаралық ақпарат құралдарының күн тәртібі салдарыен түсіндіріледі. Тіркесімдік қасиеттерін білмегендіктен, мағыналарының күрделі болуынан, дыбысталуының күрделі болуынан, қос мағынаға ие сөздер деген жауаптар кездесті. Сонымен қатар, *rigidity, equanimity, gratuitous, nebulous, onomatopoeia, anesthetist, analogies, advocacy, manipulate* деген сөздерді атап көрсетеді.

### Қорытынды

Қорыта айтқанда, жоғарыда сипатталған мәліметтер негізінде академиялық терминология жалпы терминологияның бір саласы екеніне көз жеткіздік. Академиялық термин жоғары оқу орындарында жоғары кәсіби білім беру кеңістігінде өте белсенді қолданыс табады. Академиялық терминологияны меңгеру академиялық жазу, яғни жоғары сапалы ғылыми мақала, эссе, мазмұндама, оқулық, монография, диссертация, диплом жұмысы, жалпы жазба өнімдердің сапасының кепілі. Жүргізілген сауалнама нәтижесі көрсеткендей академиялық терминдерді жақсы меңгерген тұлғаның ойлау өрісі кеңейеді, өз ойын толық жеткізе алады, білім сапасын көтереді, ағылшын тілі деңгейін жоғарылатып, кәсіби қарым-қатынас, яғни сәтті коммуникация жүргізе алады және өзара қарым-қатынас барысында кедергілерден алшақ болады.

Мақалада баяндалғандай, академиялық термин жалпы ғылыми және ғылымаралық тер-

минологияның бір бөлігі. Академиялық терминдердің зерттеудің өзектілігі әрқашан күн тәртібіндегі мәселе, өйткені академиялық терминдерді қолдану дәстүрі әлемдік жоғары оқу орындарында әртүрлі, сондықтан оларды дұрыс меңгеріп, қолдану үшін үздіксіз жұмыс жасау қажет. Сонымен қатар, академиялық терминдерді бір тілден екінші тілге аудару барысында олардың көп мағыналығы әсерінен түрлі қиындықтар туындап жатады, ал әр терминнің мағынасы ең алдымен әрбір білім беруші мен білім алушы үшін маңызды. Сауалнамаға қатысқан респонденттер емтихан тапсыру, тапсырма орындау, пікірталас жүргізу, презентация жасау, мақала, эссе жазу барсында қолданатын әрбір академиялық терминнің мағынасына терең назар аударатындығын баса айтқан, өйткені білім алушылардың шығарған өнімі адамзат қоғамының тұрақты дамуына және әрбір қоғам мүшесінің сол қоғамда жайлы өмір сүруіне тікелей әсер етеді.

Мақалада қолданылған материалдар, біріншіден, терминология саласында ізденушілер үшін пайдалы болады. Екіншіден, жоғары оқу орындарында мәдениаралық коммуникация, лексикология, академиялық жазу, аударматану, ағылшын тілінің теориялық грамматикасы сынды пәндер бойынша дәрістер оқуда құнды ақпарат. Сонымен қатар, жалпы жоғары кәсіби білім беру және оқыту салаларында практикалық материал бола отырып, шетелдік университеттерге академиялық ұтқырлық аясында тәжірибе алмасуға немесе білім алуға баратын білім берушілер мен білім алушыларға да анықтағыш ретінде пайдалануға болады.

### References

- Akhmanova, O.S. (2004). Slovar' lingvisticheskikh terminov [Dictionary of linguistic terms] (2nd ed., stereotyped). Editorial URSS. (In Russian)
- Averbukh, K.Ya. (2006). Obshchaya teoriya termina (2nd ed.). MGOU Publishing. (In Russian)
- Aytbayev, O. (1988). Qazaq terminologiyasynyn damuy men qalyptasuy [Development and formation of Kazakh terminology]. Ghylym. (In Russian)
- Budagov, R.A. (2000, 2003). Vvedenie v nauku o yazyke: Uchebnoe posobie (3rd ed.). Dobrosvet. (In Russian)
- Cabre, M.T. (1999). Terminology: Theory, Methods and Applications. John Benjamins Publishing Company.
- Danilenko, V.P. (1977). Russkaya terminologiya. Opyt lingvisticheskogo opisaniya [Russian Terminology: An Attempt at a Linguistic Description]. Nauka. (In Russian)
- Golovin, B.N., Kobrin, R.Yu. (1987). Lingvisticheskie osnovy ucheniya o terminakh: Uchebnoe posobie dlya filol. spets. vuzov [Linguistic foundations of terminology studies: A textbook for philological specialties]. Vysshaya Shkola. (In Russian)
- Grinev, S.V. (1993). Vvedenie v terminovedenie: Uchebnoe posobie [Introduction to Terminology Studies: A Textbook]. Mosk. Licey. (In Russian)
- Leychik, V.M. (2009). Terminovedenie: predmet, metody, struktura (4th ed.). Knizhnyy Dom "LIBROKOM" (In Russian)



- Mitchell, P.J., Marugina, N.I. (2015). Problema perevoda russkikh i angliyskikh akademicheskikh terminov (iz opyta raboty tsentra perevoda FIYA TGU) [The problem of translating Russian and English academic terms (from the experience of the translation center of the Faculty of Foreign Languages, TSU)]. Vestnik Tomskogo Gosudarstvennogo Universiteta, Vol. 3, P. 53-58. (In Russian)
- Qurmanbayuly, Sh. (2001, 2006). Termintanu: Oqu quraly [Terminology Studies: A Textbook]. Atlas Publishing. (In Kazakh)
- Reformatsky, A.A. (2000). Vvedenie v yazykovedenie (V. A. Vinogradov, Ed.). Aspect Press.
- Sager, J.C. A Practical (1990). Course in Terminology Processing. John Benjamins Publishing Company.
- Superanskaya, A.V., Podolskaya, N.V., Vasilyeva, N.V. (2012). Obshchaya terminologiya: voprosy teorii (6th ed.). Librokom.
- Tomashevich, S.B., Kupriyanova, M.E., Kuznetsova, Yu.V. (2020). Ponyatie «termin» i «akademicheskiy termin» v yazyke [The concept of “term” and “academic term” in language]. RUDN Journal. Series: Humanities, Vol. 8, Iss. 2, P. 81-86. [Electronic resource]. URL: <https://repository.rudn.ru/ru/records/article/record/68771/> (Date of use: 23.08.2024)
- Utemgaliyeva, N.A., Bektemirova, S.B. (2019). The Latin language is a source of academic terminology in education. Functional Aspects of Intercultural Communication. Translation and Interpreting Issues. Proceedings 2019. (Vol. 6, pp. 280-295) Moscow. <https://doi.org/10.22363/2686-8199-2019-6>.
- Zhuravleva, T.A. (1995). Osobennosti terminologicheskoy nominatsii: Monografiya [Features of Terminological Naming: Monograph]. (In Russian)

**Автор туралы мәлімет:**

Утемғалиева Насихат Адайхановна – PhD, қонақ ғылыми зерттеуші, Альпі-Адрия Клагенфурт университеті (Клагенфурт қ., Аустрия, e-mail: [nassikhat.utemgaliyeva@gmail.com](mailto:nassikhat.utemgaliyeva@gmail.com)).

**Information about the author:**

Utemgaliyeva Nassikhat Adaihanovna – PhD, guest scientific researcher, Alpen-Adria University of Klagenfurt (Klagenfurt, Austria, e-mail: [nassikhat.utemgaliyeva@gmail.com](mailto:nassikhat.utemgaliyeva@gmail.com)).

**Сведения об авторе:**

Утемғалиева Насихат Адайхановна – PhD, приглашенный научный исследователь, Альпийско-Адриатический университет (г. Клагенфурт, Австрия, e-mail: [nassikhat.utemgaliyeva@gmail.com](mailto:nassikhat.utemgaliyeva@gmail.com)).

Келіп түсті: 23 шілде 2024 жыл.  
Қабылданды: 1 наурыз 2025 жыл.